

## **Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңына, 2018 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің № 604 бұйрығымен бекітілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Мемлекеттік білім беру стандартына, 2015 жылғы 20 наурыздағы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Қашықтан оқыту технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» № 137 бұйрығына (өзгертілген), Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің академиялық саясатына (бұдан әрі - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, университет), Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерінің оқу жетістіктерін бақылаудың түрлері мен формалары туралы ережесіне, қорытынды бақылауды (емтихан сессиясын) өткізу ережесіне сәйкес әзірленген, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде (бұдан әрі - университет, ҚазҰУ) қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, оқу үрдісін ұйымдастыру ережесін анықтайды.

1.2. Ережелер мемлекеттік білім беру тапсырысы және ақылы білім беру қызметтерін көрсету келісім-шарт негізінде қаржыландырылатын, қашықтан оқыту технологиясын қолдана отырып ҚазҰУ-де кредиттік технология аясында, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің оқу бағдарламаларының міндетті талаптарын және енгізу тәртібін анықтайды.

1.3. Қашықтықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі – ҚОТ) пайдалану арқылы оқу процесін ұйымдастыру білім алушыларға академиялық күнтізбеге сәйкес білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жүзеге асырылады.

1.4. ҚОТ іске асыру теледидарлық, желілік және кейс-технологиялар бойынша жүзеге асырылады.

1.5. ҚОТ пайдалана отырып, оқу процесін жоспарлау мен ұйымдастыруда, оқу түрлері бойынша уақыт нормалары педагогикалық жүктемені есептеу үшін бекітілген нормативтерге сәйкес анықталады.

1.6. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) **білім беру порталы** – ҚОТ бойынша білім беру процесін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әкімшілік-академиялық және оқу-әдістемелік ақпараты бар ақпараттық ресурстар мен Интернет сервистерінің желілік түрде ұйымдастырылған өзара байланысқан жиынтығы;

2) **DBA бағдарламасы** – басқарушы кадрларды, практикалық тәжірибесі бар, сондай-ақ менеджменттің заманауи тұжырымдамалары мен модельдерін меңгеру және дамыту үшін қолданбалы зерттеулер жүргізуге мүдделі жоғары буын менеджерлерді бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып даярлауға арналған бағдарлама;

3) **executive MBA бағдарламасы (бұдан әрі – EMBA (эксекьютив ЭмБиЭй))** – бұл мақсатты аудиторияның ерекшеліктерін ескере отырып, топ-менеджерлерді даярлауға бағдарланған MBA бағдарламасы;

4) **жаппай ашық онлайн-курс** (бұдан әрі – ЖАОК) – электронды оқыту технологиялары қолданылатын, жаппай интерактивті қатысуға және Интернет арқылы ашық қол жеткізуге болатын оқыту курсы;

5) **MBA бағдарламасы** – бизнес саласындағы заманауи білімдер мен дағдыларды меңгерген, процестер мен кадрлық активтерді басқаруға, компанияның стратегиясын жасауға, стратегиялық және оперативті міндеттерді анықтай білуге және ғылыми құралдарды қолдана отырып, оларды жүзеге асыруға қабілетті басқарушы кадрлар даярлау бағдарламасы;

6) **мультимедиа** – пайдаланушыға әртекті деректермен (графика, мәтін, дауыс, бейне) жұмыс істеуге мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені;

7) **оқу нәтижелері** – білім алушының білім беру бағдарламаласын меңгергендігін көрсететін тиесілі бағалармен дәлелденген білімі, білігі, дағдылары көлемі және қалыптасқан құндылықтары мен қатынастары;

8) **онлайн прокторинг** – тұлғаны растау және онлайн-емтихандарды дәлелдеу жүйесі;

9) **сандық білім беру ресурстары (бұдан әрі – СБР)** – интерактивті түрде оқытуды қамтамасыз ететін, оқу пәні бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статистикалық және динамикалық үлгілер, виртуалды шынайылық пен интерактивті модельдеу нысандары, дыбыстық жазбалар мен өзге де цифрлық оқу материалдары;

10) **тьютор** – студентке нақты пәнді және (немесе) модульді игеруге көмектесетін академиялық консультант рөлін атқарушы оқытушы;

11) **формальды емес білім беру** – оқу мерзімі мен нысанын ескерместен, оқу нәтижелерін растайтын құжат беретін білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың білім беру түрі;

12) **цифрлық контент** – цифрлық оқу материалдардың ақпараттық (мәтіндер, графикалар, мультимедиалар және өзге де маңызды толықтырулар) мазмұны;

13) **Университеттің Академиялық комитеті** – Университеттің білім беру қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайтын, алқалы басқарушы және атқарушы басқару органы.

14) **онлайн платформа** – онлайн курстарды тегін оқуға мүмкіндік

беретін, ашық онлайн-білім беру порталы;

15) **сертификат** – онлайн-платформасында білім алушы оқу нәтижелерінің бағалануын және игерілген академиялық кредиттер (сағат) санын растайтын құжат. Онлайн-платформадағы оқу фактісін және оның нәтижелерін ресми түрде ресімдейтін және растайтын оқу туралы анықтама, расталған сертификат немесе басқа да құжат сертификат бола алады. Сертификат тыңдаушыға университеттің атауы, білім алушының аты-жөні, курстың атауы және кредиттер көлемі көрсетіліп, электронды сертификаттың сілтемесі жазылып,

– Қазақстанның ашық білім беру Ұлттық платформасы (бұдан әрі – ҚАБҰП) онлайн-платформаның оператордың, егер оқу ҚАБҰП–moos.kz-те өтсе;

– немесе, егер оқу әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің ЖАОК – open.kaznu.kz онлайн платформасында өтсе, ҚазҰУ-нің оқу ісі жөніндегі проректорының қолы мен мөрмен расталған еркін формада беріледі.

16) **blended learning**, немесе аралас оқыту – білім алушының оқытушымен бірге дәрісханада, сонымен қатар өз бетімен онлайн білім алуы концепциясы. Оқытудың дәстүрлі әдістемесі мен өзекті технологияларды үйлестіруге мүмкіндік береді (мысалы: «төңкерілген сынып» технологиясы).

1.7. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де ҚОТ келесі санаттарға жататын білім алушыларды оқытуда қолданылады:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру базасындағы қысқартылған білім беру бағдарламалары және MBA (EMBA) және DBA бағдарламалары бойынша білім алушыларға;

2) ерекше білім беруді қажет ететін тұлғаларға, оның ішінде мүгедек балаларға, бала кезінен мүгедектерге, I және II топтағы мүгедектерге барлық білім беру деңгейлеріндегі топтарға;

3) жоғары және (немесе) жоғары білім беруден кейінгі білім бағдарламалары бойынша, білім алушылардың алмасу бағдарламалары бойынша мемлекеттен тыс жерлерге шыққан, «Болашақ» стипендиаттарынан бөлек білім алушыларға;

4) ұзақ мерзімді шетелдік іссапардағы (2 айдан астам уақыт) жоғары білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға;

5) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушыларға;

6) шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлесе жүзеге асырылатын бағдарламалар бойынша білім алушыларға;

7) жекелеген пәндер бойынша blended learning (аралас оқыту) форматында ЖАОК пайдалана отырып, күндізгі бөлімдегі білім алушыларға;

8) қосымша білім беру бағдарламалары бойынша blended learning (аралас оқыту) форматында ЖАОК пайдалана отырып, сыртқы

тыңдаушыларға;

9) мекемелердегі тиісті техникалық жағдайлары бар минималды қауіпсіздік мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандарға қатысты.

- 1.8. ҚОТ формальды емес, қосымша білім беру, қайта даярлау және біліктілікті арттыру, оның ішінде шет тілдерінде біліктілікті арттыруда пайдаланылады.
- 1.9. Жоғарыда көрсетілген жағдайларда білім алушылар мен пәндердің оқытушылары арасындағы өзара қарым-қатынастары, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы іске асады.
- 1.10. Университеттің Академиялық комитетінің және факультеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде күндізгі бөлім студенттеріне жекелеген пәндерді, оның ішінде ЖБП блогындағы пәндерді жаппай ашық онлайн-курстар форматында оқытуға болады. Жаппай ашық онлайн курстар форматында оқытылатын пәндер бойынша кредиттерді есепке алуды шығарушы кафедра жүзеге асырады.

## **2-тарау. ҚОТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібі**

- 2.1. ҚОТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру Оқу үдерісін жоспарлау және қолдау көрсету басқармасы (бұдан әрі - ОЖҚКБ), оқу үрдісі басталмай тұрып, кемінде 2 апта бұрын ұсынатын, оқу бағдарламалары, академиялық күнтізбе, сабақ кестесі және басқа да регламенттейтін құжаттар негізінде Жаңа білім беру технологиялар институтымен (бұдан әрі - ЖБТИ) жүзеге асырылады,
- 2.2. 1.10 тармақтың 1 тармақшасында көрсетілген білім алушылардың ҚОТ бойынша оқу процесінің ұйымдастырылуы факультет шығаратын қабылдау туралы бұйрықтар және білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде жүзеге асырылады. Білім алушылардың қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ҚОТ арқылы оқыту, білім алушылардың жеке өтініштері, толық оқу тобы, шығарушы кафедраның тиісті сандық білім беру ресурстары болған жағдайда ғана жүзеге асырылады
- 2.3. 1.10 тармақтың 1 тармақшасында көрсетілген білім алушылардың ҚОТ бойынша оқу мүмкіндігін, шығарушы кафедра ПОҚ дайындығын, СБР қолжетімділігін және оқу тобының толықтығын ескере отырып өз бетінше анықтайды.
- 2.4. 1.10 тармақтың 2 тармақшасында көрсетілген білім алушыларға ҚОТ бойынша оқу үрдісінің ұйымдастырылуы үшін олардың оқу ісі жөніндегі проректордің қолы қойылған жеке өтініштері мен растайтын құжаттары негізінде факультет тиісті бұйрық шығарады (ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін – психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясының ұсынысы, мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтар үшін – әскер комиссариатынан шақыру қағазы және т. б.).

- 2.5. Қашықтықтан оқыту технологиялар кадрлар даярлау саласындағы қолдануда, авиациялық техника және технологиялар, денсаулық сақтау, дене шынықтыру, әскери іс білім беру бағдарламалары бойынша, жоғары білім базасында барлық оқу кезеңінде, пәндерді оқудың жалпы көлемі **30 академиялық кредиттен** аспауы керек.
- 2.6. Қашықтықтан оқыту технологиялары MBA бағдарламалары бойынша барлық оқу кезеңінде пәндерді оқудың жалпы көлемі **30 академиялық кредиттен** аспауы және EMBA және DBA бағдарламаларына сәйкес барлық оқу кезеңінде пәндерді оқудың жалпы көлемі **15 академиялық кредиттен** көп болмауы керек.
- 2.7. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы, қос диплом және студенттермен алмасу бағдарламалары бойынша, білім алушыларға ҚОТ қолданып оқу процесін ұйымдастыру (1.10 тармақтың 3,4.5.6 тармақшасында) әл-Фараби ҚазҰУ Студенттер кеңсесі шығаратын шетелдік іссапар туралы бұйрықтың және қашықтықтан оқытылатын пәндер көрсетілген білім алушының жеке оқу жоспары негізінде жүзеге асырылады. Шетелдік іссапар туралы бұйрықтың шыққанынан кейін білім алушылар жоспарланған қашықтықтан оқитын пәндерден бас тарта алмайды.
- 2.8. ҚОТ қолдану кезінде академиялық ұтқырлық бағдарламалары, жоғары және жоғары оқудан кейінгі білім беру бағдарламалар бойынша білім алушыларға барлық оқу кезеңінде пәндерді оқу барысында жалпы көлемі **60 академиялық кредиттен аспауы** керек.
- 2.9. Қос дипломдық бағдарламалар және алмасу бағдарламалары бойынша білім алушыларға ҚОТ бойынша оқуды іске асыру кезінде, жоғары білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар үшін, пәндерін оқыту кезінде жалпы көлемі **120 академиялық кредиттен аспауы**, магистратураның білім бағдарламаларында **60 академиялық кредиттен аспауы** керек.
- 2.10. 1.10 тармақтың 7 тармақшасында көрсетілген білім алушыларға ҚОТ бойынша оқу үрдісінің ұйымдастырылуы университеттің Академиялық комитетінің және факультеттің Ғылыми кеңесінің шешіміне сәйкес шығаратын оқу ісі жөніндегі проректордың өкімі негізінде іске асырылады.
- 2.11. Сыртқы тыңдаушыларға ҚОТ бойынша оқу үрдісінің ұйымдастырылуы (1.10 тармақтың 8 тармақшасында) Оқу үдерісін жоспарлау және қолдау көрсету басқармасы шығаратын қосымша оқытуға қабылдау туралы бұйрық және білім алушылардың жеке кестесі негізінде жүзеге асырылады.
- 2.12. 1.10 тармақтың 9 тармақшасында көрсетілген білім алушыларға ҚОТ бойынша оқу үрдісінің ұйымдастырылуы, университет ректорының бұйрығы мен тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың тапсырысы бойынша, Оқу үдерісін жоспарлау және қолдау көрсету басқармасы шығаратын, қосымша оқытуға қабылдау туралы бұйрық пен білім алушылардың жеке кестесі негізінде жүзеге асырылады.
- 2.13. ЖАОК форматында ҚОТ қолдана отырып сыртқы

тыңдаушылардың/қарыз сабағын өтеушілердің/«Incomplete» бағасы бар білім алушылардың оқуға тіркелуі Оқу үдерісін жоспарлау және қолдау көрсету басқармасы шығаратын бұйрық негізінде жүзеге асырылады.

- 2.14. ҚОТ қолданатын университеттің білім алушысы:
- 1) университеттің білім беру порталдарында жүктелген пәндерінің оқу-әдістемелік кешендерінің (бұдан әрі - ПОӘК) және СБР көмегімен оқу курстарын өз бетінше оқиды;
  - 2) бекітілген кестеге сәйкес on-line және (немесе) off-line режимінде қашықтықтан оқыту сабақтарына қатысады;
  - 3) университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес бақылаудың барлық түрлерінен (ағымдық, аралық) өтеді.
- 2.15. «On-line» режиміндегі оқу сабақтары, цифрлық технологияларды (Zoom, Microsoft Teams, Google Classroom ж.т.б. сияқты әртүрлі бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып, Интернет желісі бойынша хабар алмасу арқылы бейне дәрістер, вебинарлар, бейнеконференциялар өткізу) қолдана отырып оқу үрдісін нақты уақыт режимінде өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асады.
- 2.16. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ҚОТ қолданатын білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру үшін нақты уақыт режимінде (BigBlueButton немесе Skype интерактивті элементтерін пайдаланып) білімді бақылаудың келесі түрлері: аралық бақылау 1, Midterm Examination, аралық бақылау 2 бойынша бейнеконференциялар өткізу міндеттеледі.
- 2.17. «Off-line» режиміндегі оқу сабақтары, оқытушы мен білім алушының бір уақытта байланысатын оқудың өзара әрекеттесу үрдісін қарастырады (электрондық пошта, кезекті аралық бақылау және (немесе) қорытынды бақылау тапсырумен өтетін оқытушының тапсырмасы бойынша білім алушының жұмысы).
- 2.18. ҚОТ қолданатын білім алушылардың ағымдағы бақылау бойынша үлгерімі және аралық аттестациясы Университеттің Академиялық саясатына, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың білім алушыларының оқу жетістіктерін бақылаудың түрлері мен формалары туралы ережеге, қорытынды бақылауды өткізу ережесіне (емтихан сессиясы) сәйкес жүзеге асырылады.
- 2.19. Онлайн режимде білім алушылардың ағымдағы үлгерімін бақылауды және аралық аттестацияны өткізу үшін ҚазҰУ-дың ЖББТИ білім алушыны анықтауға, білім алушының экраны мен іс-әрекеттерін бақылауға, сонымен қатар емтиханның барлығын бейнеге жазуға мүмкіндік беретін онлайн прокторинг технологияларын пайдаланумен қамтамасыз етеді.
- 2.20. Білім алушылардың ағымдағы, қорытынды үлгерімін бақылауды және аралық аттестацияны өткізу үшін оқытушы бақылаудың форматын таңдай алады, оның нәтижесі студенттің жазбаша жұмысының бір түрі болады. Оқытушы орындалған тапсырманы университеттің плагиатқа қарсы жүйесі арқылы тексеруге міндетті. Тексеріс есебі студентке қол жетімді болуы керек.

- 2.21. Онлайн прокторинг жүйесі болмаған жағдайда ҚОТ қолданатын білім алушылар Қорытынды бақылауды (емтихан сессиясын) өткізу ережелеріне сәйкес дәстүрлі түрде пәндер бойынша қорытынды емтихандарды тапсырады.
- 2.22. Факультеттің Оқу кеңесі оқуға және қайта есептеуге ұсынған blended learning аралас оқу және ЖАОК қоспағанда, жалпы орта білім беру бағдарламалары негізінде ҚОТ қолдануға рұқсат етілмейді.
- 2.23. Академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша оқитын жалпы орта білім беру бағдарламасы негізіндегі білім алушылар үшін шетелдік білім беру ұйымында болу мерзімінде ҚОТ қолдана отырып оқуға рұқсат беріледі.
- 2.24. Білім беру саласындағы халықаралық шарттар (келісімдер) шеңберіндегі академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша ҚОТ қолдана отырып оқытуды ұйымдастыру және рұқсат ету тәртібін бітіруші кафедра университеттің Академиялық комитетімен келісе отырып анықтайды.

### **3. ҚОТ қолдана отырып оқу үрдісін ұйымдастыруға қойылатын талаптар**

- 3.1. ҚОТ қолдана отырып оқу үрдісін ұйымдастыру ҚазҰУ-дың ЖББТИ мен бітіруші кафедра бірлесіп, келесі платформалардың бірінде орналасқан қажетті сандық білім беру ресурстарының бар болу жағдайында жүзеге асырады:
  - 1) MOODLE қашықтықтан оқыту жүйесі (бұдан әрі –MOODLE ҚОЖ – dl.kaznu.kz) – білім беру порталында;
  - 2) әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ЖАОК онлайн-платформасында (open.kaznu.kz), Қазақстанның ашық білім беру Ұлттық платформасында (moocs.kz).
- 3.2. Университетте Академиялық Комитет мақұлдаған өзіндік немесе басқа онлайн-платформаларында ЖАОК жүзеге асырылады. Онлайн-платформаға жүктемес бұрын ЖАОК, ҚазҰУ-дың ЖББТИ ұйымдастырған оқу-әдістемелік сараптамадан және апробациядан өтуі керек.
- 3.3. ЖББТИ әзірленген ЖАОК-ның онлайн-платформаға жүктелуін, білім алушыларды тіркеуді, оқытуды және ағымдық, қорытынды бақылауды жүзеге асырады, университеттің атауын, тыңдаушының аты-жөнін, курстың атауы мен кредит көлемін анықтайтын сертификат береді.
- 3.4. ҚОТ қолдана отырып оқу үрдісін ұйымдастыру үшін ҚазҰУ-дың ЖББТИ-мен бірге шығарушы кафедра:
  - 1) телекоммуникация желісіне (Интернет, спутниктік теледидар) қол жеткізуге болатын жабдықтың;
  - 2) сандық білім беру ресурстардың — СБР (ПОӘК мен СБР-ын дайындауды білім беру бағдарламасына сәйкес жасаушылары жүзеге

асырады. СББР құрылымы мен мазмұнын шығарушы кафедра өз бетінше анықтайды);

3) ҚОТ бойынша оқу үрдісін ұйымдастыруға жауапты факультеттің ҚОТ қолданатын білім беру бағдарламаларының үйлестірушісінің бар болуын қамтамасыз етеді.

3.5. ҚОТ қолдана отырып оқу үрдісін ұйымдастыру үшін ҚазҰУ-дың ЖББТИ:

1) ҚОТ қолданатын білім беру бағдарламаларының үйлестірушілерін, оқытушыларды, тьюторларды қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып оқу үрдісін ұйымдастыруды оқытады;

2) СБР әзірлеу мен жаңартуда оқытушы-профессорлық құрамға көмек көрсетеді;

3) ҚОТ қолдана отырып оқытуды арнайы желелік жүйелер арқылы басқаруды қамтамасыз етеді;

4) аутентификация жүйесі (егер қолжетімді болса) арқылы білім алушылар мен тыңдаушылардың тұлғаларының растауын қамтамасыз етеді;

5) ҚОТ бойынша оқу үрдісінің қатысушыларының өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді (форум, чат, видео және аудио конференция);

6) білім алушылар мен тыңдаушылардың Университеттің электронды кітапханаларына және ҚОТ қолдана отырып білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша серіктестерге қол жетімділікті қамтамасыз етеді;

7) ҚОТ қолдана отырып, оқу процесін жүзеге асыруға әдістемелік, техникалық және ақпараттық қолдау көрсетеді, оның ішінде ҚОТ қолдану бойынша call-орталығының жұмысын ұйымдастырады.

3.6. Коммерциялық негізде (МВА, ЕМВА, ДВА бағдарламалары, сыртқы тыңдаушылар және т.б.) ҚОТ қолдана отырып оқу үрдісін жүзеге асыру үшін оқытудың осы түрін жүзеге асыратын факультет оқу үрдісіне бір күнтізбелік ай қалғанда ЖББТИ-ға ұсыну керек:

1) коммерциялық білім беру бағдарламасының басталуы уақыты туралы және білім алушылардың құрамы туралы оқу ісі жөніндегі проректордың бұйрығы (Директум ЭҚАЖ арқылы);

2) академиялық күнтізбе;

3) оқу жұмыс жоспары;

4) әкімшілік-шаруашылық жұмыс жөніндегі проректор бекіткен білім беру қызметін көрсетуге арналған шарттар негізінде жүзеге асырылатын білім беру бағдарламасының оқу процесін техникалық қамтамасыз ету үшін ЖББТИ қызметкерлеріне төленетін ақыны белгілейтін смета;

5) білім беру бағдарламасының паспорты,

6) қашықтықтан оқыту бөлімі көрсетілген әрбір пәннің силлабусы;

7) оқу кестесі.



- 3.7. ҚОТ қолданып оқытылатын пәндердің оқытушылары білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес MOODLE ҚОЖ-не ПОӘК мен СБР-ын толық көлемде жүктеуге міндетті.
- 3.8. ҚОТ қолдана отырып жүзеге асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау онлайн-прокторинг жүйесі болған жағдайда ғана қашықтықтан жүзеге асырылады. Онлайн-прокторинг жүйесі болмаған жағдайда, ҚОТ қолданатын білім алушылар пәндер бойынша қорытынды емтихандарды Университетте тапсырады.
- 3.9. Теориялық оқу кезеңінде білім алушылар қашықтықтан оқитудың электронды жүйесі арқылы пәндерді оқиды, онда оларға барлық оқу материалдары ұсынылады (дәрістер конспектілері, видео дәрістер, презентациялар), тапсырмалар (тесттер, жазбаша тапсырмалар, ұжымдық талқылау) беріледі, сондай-ақ online (чат, аудио-видео конференциялар) және offline (хат алмасу, пікірсайыс форумы) режимінде оқытушылардан кеңес алу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі).
- 3.10. Қорытынды бақылаудан өтуге (емтихан сессиясына) мүмкіндік алу үшін академиялық кезең ішінде ҚОТ қолданатын білім алушылар қашықтықтан оқыту жүйесіндегі тапсырмаларды орындап, әр пән бойынша жалпы баллдың кем дегенде 50% жинауы керек (АБ1 + МТ + АБ2 = 300 балл).
- 3.11. Иссапарға байланысты ҚОТ қолданатын білім алушылар оралғанда оқу үшін қайта қабылданғаннан кейін қорытынды емтихандарды Университетте тапсырады.
- 3.12. Шетелдік іссапардан оралған білім алушылардың емтихандарын қабылдау, білім алушының жеке өтініші негізінде рәсімделетін қайта келу туралы бұйрық шыққаннан кейін жүзеге асырылады. Білім алушы факультет деканының өкіміне сәйкес қашықтықтан оқыған пәндері бойынша емтихан тапсырады. Жалпы семестрлік баллдың 50% -дан аз алған білім алушы емтихан сессиясына жіберілмейді.
- 3.13. Шетелдік тағылымдамаға кеткен ҚОТ қолданатын білім алушылардың теориялық оқуларының ұзақтығы, әр білім алушының тағылымдамасының кезеңіне байланысты.

#### **4. ҚОТ қолдана отырып оқу үрдісіне қатысушылардың функциялары мен міндеттері**

- 4.1. ҚОТ бойынша оқу үрдісіне ұйымдастырушылық, әдістемелік, ақпараттық және техникалық қолдау көрсететін Университеттің құрылымдық бөлімшесі Жаңа білім беру технологиялары институты (ЖББТИ) болып табылады, оның құрамына кіреді:
  - ҚОТ бойынша оқу үрдісін басқару секторы (әкімшілік-әдістемелік қолдау тобы);
  - ҚОТ бойынша ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету секторы (техникалық қолдау тобы);
  - ЖАОК орталығы.

- 4.2. ҚОТ бойынша оқу үрдісін басқару секторы:
- ҚОТ бойынша оқу үрдісін жоспарлауды және ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
  - ҚОТ қатысты құжаттамалардың рәсімделуін қамтамасыз етеді;
  - оқытушылардың, ҚОТ қолданатын білім беру бағдарламаларының үйлестірушілері және тьюторлардың біліктілігін арттырудың жоспарлануын қамтамасыз етеді;
  - ҚОТ қолданатын білім алушылардың ағымдағы үлгерімдері туралы мәліметтердің ақпараттық деректер базасына енгізілуін қамтамасыз етеді.
- 4.3. Ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету секторы қашықтықтан оқытудың бағдарламалық, ақпараттық және техникалық құралдарын әзірлеуді, дамытуды және қолдауды қамтамасыз етеді.
- 4.4. ЖАОК орталығы moocs.kz және open.kaznu.kz білім беру платформаларында онлайн курстарын даярлауға және жүзеге асыруға әдістемелік және технологиялық қолдау көрсетеді:
- жаппай ашық онлайн курстарды әзірлеуге және оларды платформаға жүктеуге қатысады;
  - жаппай ашық онлайн курстарды платформаға жүктеуге және оларды оқу үрдісіне пайдалану үшін сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді;
  - жаппай ашық онлайн курстардың реестрін жүргізеді;
  - инновациялық білім беру технологияларын қолдануға қатысты тиісті сертификаттар бере отырып, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің әртүрлі санаттарындағы жұмысшылар мен ғылыми-педагогикалық кадрлардың және жеке тұлғалардың даярлауын және біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;
  - оқытудың дәстүрлі үлгісін қолдана отырып, білім алушылардың негізгі кәсіптік бағдарламаны игеру процесін ұйымдастыруды және оқытудың барлық формаларына арналған онлайн-курстар арқылы материалды оқып үйренуді қамтамасыз ететін аралас білім беру технологиясын қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастырады;
  - ҚазҰУ-да ҚОТ қолдана отырып оқытудың сапасын бақылау жүйесін қамтамасыз етеді;
  - білім алушылардың ағымдық бақылау және аралық аттестациясын ұйымдастырады;
  - ЖАОК-да оқу нәтижелері бойынша тыңдаушыларға сертификаттар береді;
  - ҚОТ қолдана отырып оқытуда қолданылатын бағдарламалық жасақтаманың жұмысын қамтамасыз етеді;
  - ҚОТ қолданатын оқыту жүйесінің пайдаланушыларына бақылау және талдау жүргізеді;
  - білім беру жүйесінде ЖАОК қолдану бойынша жергілікті нормативті-құқықтық актілерді әзірлейді;
  - Орталық қызметінің бағыттары бойынша ғылыми, әдістемелік және

оқу әдебиеттерін, анықтамалық материалдарды, оқу құралдарын және басқа да жарияланымдарды әзірлейді, басып шығарады және таратады (оның ішінде электронды түрде);

- ҚОТ қолданатын оқу үрдісінде кеңес береді және ұйымдастырушылық көмек көрсетеді;
- оқу үрдісінде ЖАОК енгізу нәтижелері туралы статистикалық есептілікті ұсынады.

4.5. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқытатын пәндерге байланысты педагогикалық жүктеме пайда болған кезде университет оқытушысы:

- қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып жұмыс істеуді өз факультетінің ҚОТ қолдана отырып жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының үйлестірушісінің көмегімен үйренуге немесе ЖББТИ-нан ақпарат алуға;
- теориялық оқыту басталғанға дейін бір апта бұрын қашықтықтан оқыту курстарын әзірлеу талаптарына сәйкес келетін СБР қоса алғанда, ПОӘК әзірлеуге;
- қашықтықтан білім беру жүйесіне логин мен құпия сөз арқылы кіруге;
- қашықтықтан оқыту жүйесіне ("Универ" жүйесі немесе ҚОЖ Moodle) ПОӘК-ні, соның ішінде СБР мен сыртқы электрондық ресурстарға (электрондық оқулықтар, мультимедиялық оқыту бағдарламалық тренажерлері, ақпараттық-анықтамалық жүйелер, виртуалды зертханалық практикумдар, компьютерлік тестілеу жүйелері және т. б.) сілтемелер жүктеуге;
- пәннің силлабусында білім алушылармен өзара іс-қимыл форматы туралы ақпаратты көрсетуге (уақыты, түрі (форум, сұхбат, видеоконференция) және қашықтықтан жасалынатын қарым-қатынас үшін қолданылатын құралы немесе платформасы және т. б.));
- апта сайын бекітілген кестеге сәйкес видеоконференциялар мен вебинарларды өткізу үшін, жазбаша жұмыстарды тексеру, орындалған тапсырмалар үшін балл қою және білім алушыларға кері байланыс беру үшін қашықтықтан оқыту жүйесін пайдалануға;
- дәрістер онлайн режимінде болған жағдайда, университеттің білім беру порталдарына («Универ» жүйесі, ҚОЖ Moodle) тиісті сілтемелерді орналастыра отырып, үнемі видео-дәрістердің жазбасын қамтамасыз етуге;
- ҚОТ қолдана отырып пән бойынша қорытынды емтихан қабылданған жағдайда тиісті бекітілген әдістемелік нұсқаулықтар негізінде емтихан материалдарын әзірлеуді және емтихан өткізу рәсімін сақтауды қамтамасыз етуге, оның ішінде емтихан барысын міндетті түрде бейнетіркеуге міндетті.

- 4.6. ҚОТ қолдана отырып білім алушылар дербес компьютерге немесе 512 кб/с кем емес жылдамдықта интернетке шығатын мобильді құрылғыға, вебинарларды өткізуге арналған компьютерлік мультимедиа жабдығына (веб-камера, гарнитура) қол жеткізуі қажет.
- 4.7. ҚОТ қолдану арқылы білім алушылар міндетті:
- пәннің бекітілген силлабусына сәйкес сандық білім беру ресурстарының көмегімен оқу материалын меңгеруге;
  - бекітілген пәннің оқу кестесіне сәйкес берілген сандық білім беру ресурстарын қолдана отырып оқу материалын игеруге;
  - орындалған тапсырмаларды бекітілген кестеге сәйкес «Универ» жүйесі немесе ҚОЖ Moodle арқылы оқытушыға ұсынуға.
- 4.7. Факультетте ҚОТ қолдану арқылы оқу процесін үйлестіру үшін университет ректорының бұйрығымен ҚОТ қолдану арқылы білім беру бағдарламаларының үйлестірушісі – оқытушы немесе басшылық лауазымда жұмыс істемейтін факультет маманы (бұдан әрі – үйлестіруші) тағайындалады.
- 4.8. Үйлестіруші білім беру үдерісіне қатысатын факультет қызметкерлерінің қызметін онлайн оқыту мен ҚОТ қолдана отырып ұйымдастырады:
- ҚОЖ MOODLE-де - [dl.kaznu.kz](http://dl.kaznu.kz);
  - жаппай ашық онлайн-курстардың онлайн-платформаларында - [open.kaznu.kz](http://open.kaznu.kz), [moocs.kz](http://moocs.kz).
- 4.9. ҚОТ қолданатын білім беру бағдарламаларын үйлестірушінің міндеттемелері:
- факультеттің оқу үрдісінде қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану және онлайн оқытуды дамытудың Жол картасын әзірлеу (бұдан әрі-Жол картасы);
  - Жол картасы шеңберінде іс-шаралардың орындалуына мониторинг жүргізу;
  - ПОҚ және білім алушыларға жалпы ашық онлайн курстардың онлайн-платформаларында және ҚОЖ MOODLE-да жұмыс бойынша техникалық және әдістемелік қолдау көрсету;
  - факультетте ҚОТ қолданатын білім беру бағдарламасы бойынша жұмыстарды басқару;
  - көпшілік ашық онлайн курстардың онлайн-платформасында және ҚОЖ MOODLE жұмыс бойынша оқытушылармен және білім алушылармен тренингтер, семинарлар, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу;
  - факультетте онлайн білім беруді және ҚОТ дамыту бойынша әдістемелік іс-шаралар өткізу;
  - жұмыс жоспарына сәйкес ҚОТ қолдана отырып, факультеттің оқу қызметін ұйымдастыру;

- ҚОТ қолдану арқылы оқытуды енгізудің сандық және сапалық көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу, оның ішінде:
    - әзірленген және сараптамадан өткен ПОӘК және СБР санына;
    - білім алушылардың академиялық белсенділігіне (ПОӘК-ға, оның жеке ресурстарына, элементтеріне және СБР-ға жүгіну жиілігі);
    - оқытушылардың ҚОЖ MOODLE-дегі жұмысына (белсенділігіне (пәндерді меңгеру кестесіне сәйкес білім алушыларға кеңес берулеріне және олардың орындайтын жұмыстарын рецензиялау жиілігіне);
  - ПОӘК және СБР сапасын, сондай-ақ олардың оқу үрдісінде қолдануға дайындығын бағалайтын оқу-әдістемелік комиссияларды қалыптастыруға қатысу;
  - факультет басшылығы және ҚазҰУ-дың ЖББТИ үшін бекітілген Жол картасына сәйкес онлайн оқыту және ҚОТ қолдана отырып, факультет жұмысының тиімділігін арттыру бойынша есеп және ұсыныстар дайындау.
- 4.10. Жаппай ашық онлайн курстардың онлайн-платформасында жұмыс істеуге оқыту процесін сүйемелдеу үшін [open.kaznu.kz](http://open.kaznu.kz), [moocs.kz](http://moocs.kz) онлайн курстың тьюторы тағайындалады – жетекші лауазымды қызмет атқармайтын оқытушы немесе факультет маманы.
- 4.11. Онлайн курс тьюторының функциялары:
- ЖАОК орталығы мамандарының басшылығымен жұмыс;
  - онлайн курсты іске қосуға дайындау;
  - курс басталмай тұрып, оның силлабусына сәйкес курстың оқытылатын барлық кезеңіне тест тапсырмаларын тапсыру мерзімін орнату;
  - курстың басты бетін онлайн курс бойынша өзекті ақпаратпен жаңарту;
  - жаппай ашық онлайн курстардың [open.kaznu.kz](http://open.kaznu.kz), [moocs.kz](http://moocs.kz) онлайн-платформаларында жұмысқа тіркелу кезінде ақпараттық қолдау көрсету; және білім алушыларды онлайн курс базасына енгізу;
  - тіркелген білім алушыларды білім беру топтарына бөлу;
  - онлайн оқытудың барлық мәселелері бойынша онлайн курстардың білім алушылары мен оқытушыларына-авторларына кеңес беру (электрондық пошта арқылы, телефон арқылы, онлайн режимінде);
  - «Талқылау» қосымша бетінде білім алушылармен интерактивті қарым-қатынасты жүзеге асыру;
  - «Электрондық пошта» қойындысын пайдалана отырып, кезекті модульді іске қосу және онлайн курстың басқа да жаңалықтары туралы білім алушыларды үнемі хабардар ету;
  - білім алушылардың үлгеріміне мониторинг жасау және қорытынды аттестаттауды өткізу;

- курс авторымен ынтымақтастықта онлайн курстың мазмұнын 3 жылда кемінде бір рет жаңарту;
  - автормен ынтымақтастықта өзектілігін жоғалтқан онлайн курсты жою туралы шешім қабылдау.
- 4.12. ҚОТ қолдана отырып жүзеге асырылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдар мен сандық білім беру ресурстарының сапасына шығарушы кафедралар жауапты болады.

## **5. ҚазҰУ-де ҚОТ қолдану арқылы аралас оқыту формаларының оқу процесін ұйымдастыру**

- 5.1. Аралас оқыту (blended learning) форматындағы оқу процесін ұйымдастыру оқытушы мен білім алушылардың дәрісханадағы оқу қарым-қатынастың дәстүрлі формаларын сақтай отырып, жекелеген қашықтықтан оқыту технологияларын қолданып жүзеге асырылады.
- 5.2. Аралас оқыту форматындағы теориялық оқыту кезеңінде пәндерді оқыту "төңкерілген сынып" технологиясы бойынша жүзеге асырылады: оқытушылардың дәрісханаларда беретін дәрістері арқылы және ҚББС MOODLE электронды қашықтықтан оқыту жүйесі арқылы (dl.kaznu.kz). Бұл жүйеде білім алушы барлық оқу материалдарымен қамтамасыз етіледі (дәріс конспектілері, бейне лекциялар, презентациялар), тапсырмалар (тесттер, жазбаша тапсырмалар, ұжымдық талқылау).
- 5.3. Аралас оқытуды жүзеге асыру кезінде оқу процесіне университеттің білім беру платформаларының немесе жақын және алыс шетелдердің білім беру платформаларының жаппай ашық онлайн курстарының материалдарын енгізуге жол беріледі.
- 5.4. Аралас оқытуды жүзеге асыру үшін оқу процесінде пайдалануға ұсынылатын онлайн-курстардың тізбесі жыл сайын факультеттің әдістемелік бюросы төрағасының басшылығымен факультетте жасалынады және факультеттердің ғылыми кеңестерімен ағымдағы күнтізбелік жылдың 30 мамырынан кешіктірмей бекітіледі.
- 5.5. Білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы (СӨЖ, МӨЖ, ДӨЖ) бекітілген кестеге сәйкес білім беру бағдарламасының оқу жоспарында қарастырылған көлемде ҚОТ қолдана отырып жүргізіледі.
- 5.6. Аралас оқыту форматындағы оқу процесін іске асыру кезінде оқытушының білім алушылармен дәрісханадағы жұмысының көлемі пән бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемінің 40% - нан кем болмауы тиіс.
- 5.7. Аралас оқыту форматында іске асырылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендері білім алушылардың сандық білім беру ресурстарымен өзіндік жұмысын ұйымдастыру бойынша толық нұсқаулықтарды қамтуы тиіс.

**Коронавирустық инфекцияның карантиндік кезеңінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да қашықтықтан оқыту технологияларын (ҚОТ) қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық  
(16.03.2020 ж. бастап)**

1. 16.03.2020 ж. бастап бакалавриат, магистратура және докторантура білім алушыларына арналған барлық сабақтар теориялық пәндерді оқыту аясында қашықтықтан оқыту технологиясын (ҚОТ) қолдану арқылы қашықтықтан оқыту форматына көшіріледі.
2. Коронавирусты инфекция бойынша карантинге байланысты оқу кезеңінде оқу процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптар қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, оқытуды ұйымдастырудың бекітілген қағидаларына сәйкес белгіленеді.  
Толығырақ қарастырыңыз **Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары.**
3. Білім алушылардың барлық аудиториялық жұмысы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы оқытушылармен және басқа да білім алушылармен виртуалды қарым-қатынас форматына ауыстырылады.
4. Пән оқытушылары оқу сабақтарын "УНИВЕР" және ҚОЖ Moodle білім беру платформалары базасында өткізеді. Дәріс сабақтарын оқытушы онлайн түрінде сабақ өткізіп, "УНИВЕР" жүйесінде немесе ҚОЖ Moodle жүйесінде тиісті сілтемелерді орналастыру арқылы немесе осы жүйелерде алдын-ала жазылған дәріске сілтеме орналастыру арқылы жүргізе алады. Семинар және практикалық сабақтар тиісті бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып, бейнеконференция форматында онлайн-режимде ғана өткізіледі.
5. Пән оқытушылары сандық білім беру ресурстары мен сыртқы электрондық ресурстарға (электрондық оқулықтар, мультимедиялық оқыту бағдарламалық тренажерлері, ақпараттық-анықтамалық жүйелер, виртуалды зертханалық практикумдар, компьютерлік тестілеу жүйелері және т.б.), қашықтықтан оқыту жүйесіне ("Универ" жүйесі немесе Moodle ҚОЖ) сілтемелерді қосып, ПОӘК-ның жүктелуін қамтамасыз етеді.
6. Оқытушылар білім алушылар үшін өзара іс-қимыл форматы туралы ақпаратты (уақыт, формат (форум, сұхбат, бейнеконференция) және қолданылатын құрал немесе қашықтықтан өзара іс-қимыл платформасы және т.б.) жариялайды.
7. Оқытушылар апта сайын бекітілген кестеге сәйкес бейнеконференциялар мен вебинарларды өткізу үшін, жазбаша жұмыстарды тексеру, орындалған тапсырмалар үшін балл қою және білім алушыларға кері байланыс беру үшін қашықтықтан оқыту жүйесіне кіреді.
8. Сабақтар бұрын бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі. ҚОТ көмегімен өткізілетін сабақтарға білім алушылардың қатысуын бақылауды пән оқытушысы, шығарушы кафедра және ҚазҰУ-дың Ахуалдық басқару орталығы жүзеге асырады.
9. Білім алушыларға дербес компьютерге немесе интернетке шығатын мобильді құрылғыға, вебинарларды өткізу үшін компьютерлік мультимедиа

жабдығына (веб-камера, гарнитура) үнемі қол жеткізуі қажет.

10. Білім алушылар бекітілген силлабусқа сәйкес берілетін сандық білім беру ресурстарының көмегімен оқу материалын меңгереді.

11. Білім алушылар бекітілген кестеге сәйкес семинар және практикалық сабақтарға қатысады.

12. Білім алушылар орындалған тапсырмаларды "Универ" жүйесі арқылы немесе ҚОЖ Moodle арқылы бекітілген тапсыру кестесіне сәйкес оқытушыға ұсынады.

13. ҚОТ үйлестірушілері факультеттерде ҚОТ қолдана отырып, оқытудың сандық және сапалық көрсеткіштерінің мониторингін жүзеге асырады, соның ішінде:

- білім алушылардың академиялық белсенділігіне (ПОӘК-ға, оның жеке ресурстарына, элементтеріне және жүгіну жиілігіне);

- ҚОЖ MOODLE-де оқытушылардың жұмысына (белсенділігіне) (пәндерді меңгеру кестесіне сәйкес білім алушыларға кеңес беру және олардың орындайтын жұмыстарын рецензиялау жиілігіне).

14. Оқу үдерісін әдістемелік және техникалық қолдауды Жаңа білім беру технологиялары Институты мен ҚазҰУ ИТЖ жүзеге асырады.



## ҚОТ қолданып оқуды іске асыратын ақпараттық-білім жүйелері

1. Univer 2.0 <https://univer.kaznu.kz/>,
2. СДО MOODLE - <https://dl.kaznu.kz/>,
3. OPEN KazNU <http://open.kaznu.kz/>,
4. Қазақстанның Ұлттық ашық платформасы <http://moocs.kz/>,
5. Open Master Class <http://omc.moocs.kz/>

### Білім алушыларға арналған әдістемелік материалдар

1. Универ жүйесі, «Дистанционные курсы» қойындысы
2. Moodle ҚОЖ-«Студенттердің нұсқаулығы» қойындысы  
<https://dl.kaznu.kz/mod/folder/view.php?id=39198>
3. Аль-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің сайтында  
<https://www.kaznu.kz/ru/17843/page/>
4. OPEN KazNU – жиі қойылатын сұрақтар қойындысында <http://open.kaznu.kz/faq>

### Профессорлік-оқытушылар құрамы үшін әдістемелік материалдар

1. MOODLE ҚОЖ-дегі видео нұсқаулықтар  
- <https://dl.kaznu.kz/mod/page/view.php?id=39190>
2. MOOK «Обучай дистанционно!» орыс тілінде  
<http://open.kaznu.kz/courses/course-v1:KazNU+DistEdu+2019-2020C1/about>
3. MOOK «Қашықтықтан оқыту» қазақ тілінде  
<http://open.kaznu.kz/courses/course-v1:KazNU+DistEdukz+2019-2020C1/about>

**Интерактивті өзара қарым қатынас университет жүйесінің ішінде болуы мүмкін.**

Жүйеде шамадан тыс жүктеменің болуына байланысты мәселенің туындауы кезінде сыртқы ресурстар қолдану ұсынылады: ПОҚ және білім алушылар топтарының жасалуы келесі мессенджерлерде: Skype, ZOOM, Youtube streaming, Microsoft Teams, Google hangouts және т.б.

### Университеттің кітапханасының электронды ресурстары

аль-Фараби кітапханасы <http://elibrary.kaznu.kz/ru>.

## Оқытушыларға арналған Антиплагиат жүйесімен жұмыс жасау нұсқаулығы

Студенттердің жұмыстарының СӨЖ, МӨЖ және басқа да жұмыстардың түпнұсқалығын тексеру мақсатында (бітіру, диплом, диссертациялардан басқа)

<https://kaznu.antiplagiat.ru/> порталын қолдана аласыздар.

Жүйеге кіру мүмкіндігі сұраныс арқылы жүзеге асады. [Jamilya.Tukeyeva@kaznu.kz](mailto:Jamilya.Tukeyeva@kaznu.kz) -ға жазыңыздар.

Сізге «Оқытушы» рөлімен Антиплагиат жүйесіне логин және пароль беріледі.

Студенттердің жұмыстарын тексеру үшін:

1. Курс жасау керек;
2. Курсқа тапсырма жасау керек;
3. Тапсырмаларды орындау үшін студенттерді шақырыңыз;
4. Тіркелмеген студенттерді растаныз;
5. Көшіріп алудың болуы туралы есеппен танысыңыз;
6. Студенттің жұмысын тексеріңіз.

Хатқа «Антиплагиат» жүйесін қолдану нұсқаулығы қосылып беріледі.

**Нұсқаулық сілтеме бойынша қолжетімді:**

[https://docs.antiplagiat.ru/ru/pdf/vuz\\_teacher\\_guide.pdf](https://docs.antiplagiat.ru/ru/pdf/vuz_teacher_guide.pdf)

**Жүйе бойынша жиі қойылатын сұрақтар**

«Антиплагиат»: <https://kaznu.antiplagiat.ru/page/help>

**Жүйемен танысу үшін қосымша беріледі:**

§ «Өзара қатынас Оқытушы/Студент Антиплагиат ЖОО жүйесінде» тақырыбында вебинарды тыңдаңыз

<https://www.youtube.com/watch?v=9zPdF5r6Y9M>

§ Сәуір айындағы тегін вебинарлар <https://www.antiplagiat.ru/training/>

§ Өткен вебинарлардың жазуларын

көріңіздер [https://www.youtube.com/channel/UC08xHzRcAR9U4brAiJGT\\_Cdg/videos](https://www.youtube.com/channel/UC08xHzRcAR9U4brAiJGT_Cdg/videos)

**Ескерту\*\*\*: бітіру жұмысы, диплом, диссертациялар Univer <https://univer.kaznu.kz> жүйесі арқылы тексерілуі тиіс.**

## **Қашықтықтан оқытуды ақпараттық сүйемелдеу орталығы**

2020-дың 16 наурызынан бастап оқыту қашықтықтан оқыту технологияларын қолданып ақпараттық-білім «Универ» (univer.kaznu.kz) жүйесі және «MOODLE» (dl.kaznu.kz) қашықтықтан оқыту жүйесі арқылы жүзеге асырылады

### **Univer жүйесінің жұмысы бойынша**

**Ақпараттық технологиялар және инновациялық даму институтына хабарласыңыздар**

**Аида Алкенова.** Инженер-программист 1 кат. +7 (707) 817 34 07

**Алкожаева Айсулу.** Инженер-программист 1 кат. +7 (702) 257 33 76;  
+7 (747) 609 14 15

**Майханова Акмаржан.** Инженер-программист 1 кат. +7 (775) 686 24 42

**Сарсенгали Бота.** Жет.маман в/о +7 (702) 313 8787; +7 (708) 653 46 48.

### **Білім беру платформаларының жұмысы мәселелері бойынша:**

- ҚОЖ MOODLE (dl.kaznu.kz),
- Open KazNU (open.kaznu.kz),
- Қазақстанның ашық білім беру Ұлттық платформасы (moocs.kz),
- Open Master Class (omc.moocs.kz)

**хабарласыңыздар:**

### **Жаңа білім беру технологиялары институты (ЖББТ):**

**Мусинова Асель Ахметовна.** Директор ЖББТ 8(701)722-67-84;

**Жабаев Талгат** инженер-программист (ҚОЖ MOODLE)

8(702)750-86-98;8(747)353-37-58;

**Смагулова Шынар** жет.маман ЖББТ 8(777)825-51-90.

Университеттегі қызметкерлердің ішкі нөмерлері:

+7 (727) 377 33 33, вн. 3123, 3124, 1136, 1647.

### **Жапнай ашық онлайн курстар орталығы (ЖАОК)**

**Северюгин Илья Валерьевич.** ЖАОК орт-ң бастығы 8(705)185-01-28;

**Атабаева Маржан** жет.маман ЖАОК орт-ң 8(702)985-64-45;

**Хакимов Ринат** инженер-программист (Open KazNU) 8(707)199-65-12.

Университеттегі қызметкерлердің ішкі нөмерлері:

+7 (727) 377 33 33, вн. 1293, 1133, 3124.

Студенттік үйлердің жұмысы туралы сұрақтар бойынша:

Кампус дирекциясы бойынша нөмірлер: +7 (727) 377 33 33, вн. 1912, 1413.